| | | Ойын: «Таныс болайық»<br>**Мақсаты:** Жаңадан топқа келген балалармен танысады. | Балабақша туралы тақпақтар жаттау.<br>**Мақсаты:** Балалардың балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. | Балалармен жазғы демалыс туралы әңгімелесу.<br>**Мақсаты:** Жаз мезгілінде демалыста көрген-білгендерін ортаға салып,әңгімелеп береді. | Балабақша туралы тақпақтар жаттау.<br>**Мақсаты:** Балалардың балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін артады. |
| | **Жаттығулар кешені №1** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ойын-жаттығу:<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар | | | | |
| | | Жаңадан келген баламен әңгімелесу.<br>**Мақсаты:** Ортаға тез үйреніп кетуге бейімделеді. | Балалармен тақпақ жаттауды жалғастыру.<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамиды. | Топ бөлмесіндегі жихаздар туралы әңгімелеу.<br>**Мақсаты:** Балалар топ бөлмесіндегі жихаздардың аттарын толық атайды. | Балалармен тақпақ жаттауды жалғастыру.<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамиды. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | | **Тақырыбы:** Жазбен қоштасу күні<br>**Мақсаты:** Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біреу, көп, бір-бірден.<br>**Мақсаты:** біртекті заттардан топтар | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Балабақша ауласына саяхат»<br>**Мақсаты:** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы**: Менің тобымдағы заттар.<br>**Мақсаты:** ойыншықтарды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бақылайды.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін бақылады.<br>**Барысы:**<br>Шаттық шеңбері<br>Сурет бойынша әңгіме<br>Жаз туралы тақпақ айту<br>**Сергіту сәті**<br>Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау | құрастырып және олардың біреуін бөліп көрсете алады<br>**Күтілетін нәтиже:** бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіреді.<br>**Ресурстар:** көрнекілік саны бойынша «біреу–көп»,ойыншық кірпі, бір себетте жапырақтар (1 жапырақ – қызыл, қалғандары жасыл түсті, бала саны бойынша);<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br><br>Шаттық шеңбер<br>Ой қозғау.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Тиіскенді түйреген,<br>Киімі бар инеден.<br>(Кірпі.) – Балалар, жұмбақ не туралы?<br>Кірпі келіп, балалармен амандасады. Балалар қызығушылық танытады. Кірпі балаларға ішінде жапырақтары бар себетті береді.<br>**Педагог** | мен жемістері туралы қарапайым ұғымдары қалыптасады.<br>**Күтілетін нәтиже:**балабақша ауласындағы кейбір өсімдік түрлерін таниды.<br>**Ресурстар:**<br>Ағаштар,бұталар. **Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні. Оқу қызметінің барысы:**<br><br>1Шаттық шеңбері:<br>Армысын,асыл күн!<br>Армысын,көк аспан!<br>Армысын,жан досым!<br>Жылуына жылу қос.<br>2Ой қозғау.<br>–Балалар, сендер күн сайын таңертең тұрып қайда келеміз?<br>- Онда біз кімдерді көреміз, сендерді кім қарсы алады?<br>- Дұрыс, балалар.<br>Тосын сәт. Айгүл қуыршақ қонаққа келеді.<br>Айгүл: Саламатсыздар ма,балалар! Мен балабақша ауласымен танысқым келеді?<br>Балабақша ауласында нелер бар? Маған | суретін сала алады.<br>**Күтілетін нәтиже:**дөңгелек пішінді ойыншықтардың суретін салады.<br>**Ресурстар:** бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар.<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br><br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбері:<br>Қуан,шаттан,алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң!Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>Қызығушылықтарын ояту.<br>**Педагог жетекшілігімен жұмыс:**<br>**«Кім шапшаң»**<br>Жұмбақ жасыру.<br>1) Үрлесең жеп-жеңіл,<br>Елпілдеп кетеді.<br>Ұшырсаң, көк-теңбіл,<br>Бұлтқа да жетеді.<br>(Шар) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **жетекшілігімен жүргізілетін ойын.**<br>Себетте не бар? Кірпі берген себетте не жатыр? Себетте неше жапырақ бар? Мен бір жапырақты аламын..Әр баланың қасына барып, бір-бірден жасыл жапырақтан алуын сұрау.<br>Ашық сұрақтар қою? Себетте неше жапырақ болды?<br>Енді қанша қалды? Жапырақтар себетте көп болу үшін, не істеу керек? Балалардың жауабын тыңдау.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Біреу – көп» ойыны.<br>**Шарты:** Балаларды суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін көрсетеді.<br>Ой қозғау.<br>Кірпі нені жақсы көреді.?<br>Балалардың жауаптары.<br>– Балалар, кірпі қысқа азық жинап алмақшы екен. Кірпіге суреттегі көп алма қайда, бір алма қай жерде тұрғанын айтып жіберіңдерші.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Бір-бірден, бірде-біреуі жоқ» | көрсетесіңдер ма?<br>Балбақша ауласына саяхат.<br>Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу.Аулада өсіп тұрған ағаштармен, бұталармен таныстыру.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>-Балабақшамыздың ауласында не өседі?<br>-Қандай гүлдер өседі екен?<br>-Қандай ағаштар өседі екен?<br>-Балабақша ауласы сендерге ұнай ма?<br>Таза ауада сергіту сәті.<br>Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)<br>Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)<br>Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию, құштасу)<br>Бірге күліп жүреміз<br>**Еркін ойын:** «Жапырағынан таны»<br>Балабақшаға оралу.<br>Айгүлмен қоштасу.<br>**Қорытынды (рефлексия)**<br>Балаларды мадақтау.Көңілді смайлктер беру.<br><br>**2. Қоршаған ортамен** | 2)Тепсең-ақ секіріп,<br>Ұстатпай қашады.<br>Бір жерге бекініп,<br>Тұра алмай сасады.(Доп)<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:-**<br>Доп не үшін қажет?<br>-Допты неден жасайды?<br>-Доппен ойнайтын қандай ойын білесіңдер?<br>-Шардың түсі қандай?<br>-Піішіні қандай?<br>Балаларды мадақтау.<br>Топқа бөлу.<br>Доп, шар арқылы.<br>Балалар өздеріне ұнаған заттарды алып орындыққа отырады.<br>1-Топ Допты түрлі түсті карандашпен бояйды.<br>2-Топ Шарды бояумен бояйды.<br>Жұмыстың орындалу техникасын көрсету, түсіндіру.<br>Балалардың өз бетінше жұмыстары.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ой өріс<br>Топтық жұмыс.<br>Суретте кірпілерді табуды ұсыну. Кірпілердің арқаларында нешесаңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата? Рефлексия.<br>Кірпі тапсырманы дұрыс орындағандары үшін балаларға рақмет айтып, оларға жапырақтары бар себетті сыйлайды. Балалармен қоштасады.<br>Сұрақтар ілмегі.<br>Кім бізге қонаққа келген? Кірпі бізге не сыйлады? Себетте неше қызыл жапырақтар жатыр? Себетте неше жасыл жапырақ жатыр?<br>**Балаларды мадақтау.**<br>**3 Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау** | **танысу**<br>**Тақырыбы:**. Менің балабақшам**.**<br>**Мақсаты:** қоршаған ортаны қабылдап, кеңістікте бағдарлай алады.<br>**Күтілетін нәтиже:**балабақша ауласындағы заттардың орналасуын анықтайды.<br>**Ресурстар:** АКТ технологиясы.Қуыршақ тар, ғажайып қорап пен сиқырлы сандықша.<br>Суреттер. . **Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br><br>**Оқу қызметінің барысы:**<br><br>**1.Шаттық шеңбер**<br>Күлім қағып қолымды, «Бір, екі, үш» деп соғайын.<br>Қарап тұрған көршіме, Қолымды мен бұлғайын.<br>Жылы-жылы сөзбенен, Жүрегімді сыйлайын.<br>Жыл мезгілін сұрау.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** | Бұрыламыз солға бір.<br>Біздер тату баламыз,<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз.<br>Балаларға жеке көмек көрсету.<br>**Қорытынды (рефлексия)**<br>Сұрақ қою?<br>-Оқу қызметінде не істедіңдер?<br>-Нені боядыңдар?<br>Галереяны шарлау әдісі.<br>Бірін бірін бағалау.<br>Бас бармақ әдісі арқылы.<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мнемотехника әдісі<br>«Күз»<br>**2. Топқа бөлу әдісі.**<br>Суреттер арқылы топқа бөлу.<br>1-топ  Тәрбиешлер тобы<br>2-топ Дәрігерлер тобы.<br>**3. АКТ мен жұмыс.**<br>Ал, балалар, енді слайдтағы  суретке қараңдаршы.<br>(жетелеуші сұрақтар)<br>1-топ  Тәрбиешлер тобы сұрақ:<br>-Балалар балабақша дегеніміз не?<br>-Балабақшамыздың аты қалай аталады?<br>-Балабақшада біз не істейміз?<br>2-топ Дарігерлер тобына сұрақ:<br>-балабақшада кімдер жұмыс жасайды?<br>-Аспазшы апайдың қызметі қандай?<br>-  Дәрігер апайдың қызметі қандай?<br>Балаларды мадақтау.<br>Жұлдызша тарату.<br>**Тосын сәт.**<br>Қуыршақтар келеді.<br>Балалар,қарандаршы қонаққа бізге кім келді?Бірақ олар көңілсіз көрініп тұр.Оларға не болғанын сұрайық?<br>**Қуыршақтар:** Біз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қашанға дейін сөреде отыра береміз? Ойнағыларымыз келеді, балабақшаға барғымыз келеді, бірақ балабақша не екенін де білмейміз.<br>**Балаларға ашық сұрақтар қою.**<br>-Сендер балабақшада не істейсіңдер?<br>-Ал сендерге балабақшаға баруға ұнайды ма?<br>-Балалар апайлар сендерді неге үйретеді?<br>Мадақтау. Ж жұлдызша тарату.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қояйық<br>Аяқ пенен қолдарды<br>Біз жаттықтырып алайық<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір,<br>Енді бірге бәріміз<br>Орнымызға отырамыз.<br>**Қуыршақтар**:<br>Қорапшаны шашып алып балалардан көмек сұрайды.<br>**Еркін ойын:** «Құралдарды ажырат»<br>**Мақсаты:** балалар қорапшадаға заттарды алып, аттарын айтады. Аспазшы және медбикенің құралдарын ажыратып реттеп | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қояды.<br>Балаларды мадақтау.<br>Жұлдызша тарату.<br>**Қорытынды (рефлексия)**<br>Қуыршақтар балалармен рахмет айтып қоштасады.<br>Бас бармақ әдісі. | |
| | | **№ 1**<br>**Күн жылу мен жарық көзі бақылау.**<br>**Мақсаты:** күннің жарық және жылу көзі екені туралы біледі.<br>**Еңбек:** Гүлзарды суару<br>**Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау, гүлдердің өсуі туралы біледі.<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге»<br>**Мақсаты:** Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** «Үнсіз өт»<br>**Мақсаты:** Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру. | **№2**<br>**Өрмекшіні бақылау.**<br>**Мақсаты:** Өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшіліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру. Айнала қоршаған ортаға қызуғушылық-тарын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштарды суару.<br>**Мақсаты:** табиғатты аялау, бірлесе жұмыс істеу.<br>**Қимылды ойын:** «Допты ұста»<br>**Мақсаты:** қағып алуға және келесіге беруге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Үнсіз өт»<br>**Мақсаты:** Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру. | **№3**<br>**Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** құстарды тануға, дене бөліктерін атайды, құстарға қамқорлық жасайды.<br>**Еңбек:**Аулаға тазалық жүргізу.<br>**Қимылды ойын**: «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» (2-3 рет қайталау)<br>**Мақсаты:** Бір – біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | **№4**<br>**Қайың ағашын бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру. Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы ажырата алады.<br>**Еңбек:** Ауланы қоқыстардан тазарту.<br>**Мақсаты:** Бір - біріне көмектесіп, еңбектену дағдыларын қалыптастыру<br>**Қимылды ойын:** «Қасқыр қақпан»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Денебұлшық етін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |

| | |
|---|---|
| | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.Білімді кеңейту және мәдени –гигиеналық дағдыларды орындау. Тыныс алу жаттығуларын орындау<br>Ойын жаттығу:<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар дербес әрекет** | | «Менің балабақшам» тақырыпта сюжетті картиналар қарастыру, әңгімелеу. | **Вариативті компонент-1**<br>**Т:** «Ертегілер еліне саяхат»<br>**Мақсаты:**<br>Бұлшықеттің күші мен үйлестіру қабілетін дамыту, эмоционалды стрессті жеңілдету, дененің барлық тыныс алу және басқа бұлшықеттерінің босаңсуына ықпал ету. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қиялдау қабілетін дамыту.<br>**Барысы:**<br>Сапқа тұрғызу. Сәлемдесу.<br>Саптық жаттығулар: Оңға, солға, кері айнал.<br>**ЖД жаттығулары:**<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары** | Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»;<br>Сюжетті картиналар қарастыру, қарапайым әңгімелер құрастыру.<br>Еңбек: Құрастырғышты түріне қарай бөлу.<br>Мақсат: еңбексүйгіштікке баулу. | Суретті кітапшаларды бояу.<br>Мақсаты: суретті ұқыпты, сызықтан шықпай бояу, шыдамдылыққа, бастаған жұмысты аяғына дейін бітіруге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сапқа қойып, саппен бір-бірінің артынан заттарды аттап жүгірту Аяқтың ұшымен жүру қимылдарын жасату. **Қимылды ойын:** «Инелік пен құмырсқалар» Тыныс алу жаттығулары | | |
| **Балалардың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | | Алгиев Адилханмен жеке жұмыс. Ересектермен бірге негізгі қимылдарды қайталауға үйрету. | Ұзақбай Арсенмен жеке жумыс. Дене жаттығуларын орындауға үйрету, негізгі қимылдарды қайталауға үйрету. | Уразов Романмен жеке жұмыс. Ересектердің көмегімен белгілі бір ретпен киініп шешіну. | Сағынғали Қобылан мен жеке жұмыс. Қимыл үйлесімділігін дамыту, негізгі қимылдарды қайталауға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | | **№1 Күн жылу мен жарық көзі бақылау.**<br>**Мақсаты:** күннің жарық және жылу көзі екені туралы біледі.<br>**Еңбек:** Гүлзарды суару<br>**Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау, гүлдердің өсуі туралы біледі.<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге»<br>**Мақсаты:** Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** «Үнсіз өт»<br>**Мақсаты:** Жәй, нық, денені түзу ұстап жүреді. | **№2 Өрмекшіні бақылау. Мақсаты:** Өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшіліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру. Айнала қоршаған ортаға қызуғушылық-тарын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштарды суару.<br>**Мақсаты:** табиғатты аялау, бірлесе жұмыс істейді.<br>**Қимылды ойын:** «Допты ұста»<br>**Мақсаты:** қағып алуға және келесіге береді<br>**Қимылды ойын:** «Үнсіз өт»<br>**Мақсаты:** Жәй, нық, денені түзу ұстап жүреді | **№3 Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** құстарды тануға, дене бөліктерін атауға үйрету, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары орындайды.<br>**Еңбек:**Аулаға тазалық жүргізеді.<br>**Қимылды ойын**: «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» (2-3 рет қайталау)<br>**Мақсаты:** Бір – біріне қақтығысып қалмай жүгіреді. | **№4 Қайың ағашын бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру. Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табады.<br>**Еңбек:** Ауланы қоқыстардан тазарту.<br>**Мақсаты:** Бір - біріне көмектесіп, еңбектенеді.<br>**Қимылды ойын:** «Қасқыр қақпан»<br>**Мақсаты:** Балалар шапшаң қимылдайды.Дене бұлшық еті дамиды |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | «Рахмет», «кешіріңіз», «өтінем» деген сөздерді балаға үйрету. | Дәрумендерді жиі қолдану. | Демалыс кезінде қалаған ертегісін айтып беру. |

**Циклограмма**
(06-10 қыркүйек 2021 ж.)
«Рауан» ортаңғы тобы
Өтпелі тақырып «Балабақша»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.)<br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | | | | | |
| | Балаларды қабылдау. Денсаулығы, көңіл-күйі туралы білу. Әңгімелесу<br>«Күз бізге не әкелді?»- көкөністер мен жемістер жайлы әңгімелесу.<br>«Доппен»<br>**Мақсаты:** Қимыл-қозғалыс жаттығуларды күн сайын орындайды7 | Денсаулығы, көңіл-күйі туралы білу. Топқа көңіл-күймен келуге жағдай тудыру.<br>**Ойын:** «Заттың атын ата»<br>**Мақсаты:** Заттарды көріп сипаттау арқылы сезімталдығы дамиды7 | Балаларды қабылдау. Денсаулығы, көңіл-күйі туралы білу.<br>**Ойын:** «Таныс болайық»<br>**Мақсаты:** Жаңадан топқа келген балалармен танысады. | Балалардың көңіл-күйін бақылау. Дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру.<br>**Ойын:** «Мозайка»<br>**Мақсаты:** балалар берілген суреттердің бөлігін тауып орналатырады. | Балалардың көңіл-күйін бақылау. Денсаулығы, көңіл-күйі туралы білу.<br>**Ойын:** «Не артық?»<br>**Мақсаты:** Балаларды суретке қарап оларды топтастыруға үйрету. |
| | **Жаттығулар кешені №1** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ойын- жаттығу :<br>Ас ішер кезде,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Ойламаймыз білмейміз.<br>Сиқырлы сөз: «Астарыңыз дәмді болсын!»<br>Рахмет айтуға тәрбиелеу | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар | | | | |
| | «Кім шапшаң»<br>**Мақсаты:** Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. | «Алыста ма, жақындама?»<br>**Мақсаты:**Затқа дейінгі аралықта өлшеу,жақын ба, алыс па.Қажетті сөздерді қолдана білу. | «Көзіңді жұмып қолмен ұстап көр»<br>**Мақсаты:**Балалар сипап сезу арқылы ұзын-қысқалығын анықтау. | «Қай қолымда көп?»<br>**Мақсаты:**ортаға бір баланы шақырып,оң және сол қолына қолына және аз заттарды ұстатады. | Балалармен тақпақ жаттауды жалғастыру.<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **1.Дене шынықтыру (таза ауада)-1**<br>**Тақырыбы:** «Қонжықпен бірге ойнаймыз»<br>**Мақсаты:** сызық үстінен екі аяқпен секіріп өте алады.<br>**Күтілетін нәтиже:** шеңбер бойымен қалай сапқа тұруды, жолдан өту кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтаудағы қимыл-қозғалыстардың орындалу реті туралы түсінеді, педагогтің берген белгісімен жүгіреді, кеңістікте бағдарын айқындай алды.<br>**Ресурстар:** кедергілер<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбер<br>**І.**Ойыншық қонжыққа назар аудартады. Қонжықты ешкім естімейтіндей етіп жүруге үйретуді ұсынады – аяқтың ұшымен, аяқтың ұшын көтерілу,өкшеге түсу, қолды белге қою.<br>**Ойын: «Допты** | 1. .**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Қоянмен бірге ойнаймыз»<br>**Мақсаты:** денсаулық сақтау технологиясын және «Қояндар» саусақ гимнастикасын қолдану арқылы балалар дене шынықтыру жаттығуларын орындай алады.<br>**Күтілетін нәтиже:** жалпы дамыту жаттығуларын, бір қарқынмен шеңбер бойымен жүре алады, сапта жүру кезінде қозғалыс бағытын қалай сақтау керектігі туралы түсініктерге ие, ойын кезіндегі рөлдік іс-әрекеттерге қатыстыы.<br>**Ресурстар:** доптар<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br><br>**ҰОҚ барысы**:<br>Педагог ойыншық қоянға назар аударуды сұрайды. Спортзалда қоянмен | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Аз- кем ұғымдары.<br>**Мақсаты:** бөлмедегі заттарды ажыратып және олардың санын анықтай алады.<br>**Күтілетін нәтиже:**бөлмедегі заттарды танып, аз-көп заттарды ажыратады.<br>**Ресурстар:** доптар,тауық,балапан,ағаштар,жолақша,алма,банан,ойыншық аю<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбер<br>Біз ерекше баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Достарымды көргенде<br>Қуана қарсы аламын<br>Қайырлы таң балалар!<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Доп лақтыру» әдісі<br>**Шарты:**Доп лақтыру арқылы жыл мезгілін сұрау. | 1. **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Менің жасыл достарым<br>**Мақсаты:**. бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа) олардың айырмашылықтары туралы білімдері қалыптасады..<br>**Күтілетін нәтиже:** бөлме өсімдіктерінің түрлері :шегіргүл мен қазтамақпен танысып,олардың айырмашылықтарын ажыратты.<br>**Ресурстар:**<br>Қазтамақ, кактус, фикус суреттері; 3-4 бөлікке бөлінген гүлдердің суреттері<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні**<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбер<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші балаша.<br>2. Қызығушылықтарын ояту. (жұмбақ | 1. **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Доппен танысамыз»<br>**Мақсаты:** бір-бірінен 1 метр қашықтықта отырып, аяқтарын алшақ ашып қойып, бір-біріне допты домалата алады.<br>**Күтілетін нәтиже:** бір қарқында шеңбер бойымен жүруді, жұптасып допты домалатады, допты қалай қолдану керектігін, аяқты қосып, алшақ қойып секіруді қалай орындау керектігі туралы түсініктерге ие, өз жұбын таба алады, шашыла жүгіру кезінде бағытты өзгерте білді<br>**Ресурстар:** кедергілер<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**І.**Балаларды жаңа құрал допқа назар аударту. Сапқа бір-бірлеп жүру және жүгіру.<br>**Нұсқау беру**-саптан шықпау және шеңберді тарылтпау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **домалат»**<br>**Мақсаты:** Допты саусақтармен епті, қозғау арқылы домалата білуді үйрету.<br>**Өз-өзін бағалау.**<br>**Қорытындылау.**<br><br>**2. Орыс тілі**<br>**Тема:»Кто это?»**<br>**Цель:** формирование навыков слушания и понимания слов приветствия на русском языке.<br>**ХОД ОУД**:<br>В гости приходит Балапанчик (мягкая игрушка).<br>Игровая ситуация «Научим Балапана здороваться»<br>Игровое упражнение «Поздороваемся с Балапаном»<br>Пальчиковая игра «Здравствуй, пальчик, как живешь?»<br>«Игровое упражнение «Расскажи, кто нарисован на картине»<br>Физминутка «Девочки и мальчики»<br>Игра «Кто позвал»<br>Игровое упражнение «Здороваться – прощаться» | ойнауға шықырады.<br>Шеңбер бойымен тұрып жалпы дамыту жаттығуларын жасау.<br>Негізгі қимылдарды орындау. Екі аяқпен секіру, аяқтарын қосып секіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойын:**«Қарақұлақ» (қазақтың ұлтық ойыны) Саусақ гимнастикасы: «Қоян»<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Менің достарым<br>**Мақсаты** : ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қоры кеңейеді.<br>**Күтілетін нәтиже:** қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданды.<br>**Ресурстар:** күз мнемотехника, білмеспек суреті, дос туралы суреттер,доп.<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Армысың шұғылалы нұрлы күн! | <br>Қызығушылықтрын ояту.<br>Аю қонкқа келеді. Балаларға тапсырма алып келеді.<br>1-Тапсырма:<br>Менің оң қолымда қанша шар және сол қолымда қанша шар бар?<br>Бір шар,көп шар<br>2- тапсырма:<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>- Мұнда қанша тауық бар?<br>- Қанша балапандар бар?<br>- Мына ағашта қанша алма?<br>- Ал, мына ағашта қанша алма?<br>3- тапсырма:<br>**Сергіту:**<br>Алма, алма, көп алма<br>Қызыл жасыл, сары алма.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>4- тапсырма :<br>**Құрылымдалған ойын:** Салыстыру. «Бір , көп»<br>**Шарты:**<br>Жолақшаның жоғарғы жағына бір алма, төменгі | жасыру)<br>Адамдардың бәрі қызығады,<br>Су құймасаң сәні бұзылады.<br>Бұл не?<br>3. Табиғат бұрышына саяхат.<br>4. Топтағы гүлдермен таныстыру.<br>Міне, мынау – қазтамақ деп аталатын гүл. Бөлме гүлі.<br>Оның жапырақтарының лимонға ұқсайтын күшті, жұпар иісі бар. Ақшыл көк, күлгін түсті майда гүлдері болады.<br>Кактус.<br>Кактуста күлтенің орнында инелер болады.<br>Мынау – фикус деп аталатын гүл.<br>Оның сопақша пішіндес, үлкен жылтыраған жапырақтары болады. Ауадағы шаңды, адамның қобалжуын, ашуын, көңілсіздігінен арылтады.<br>Жапырақтары арқылы бөлме ішін | керек.<br>**ІІ.Негізгі кезең.**<br>Екі аяқпен секіру (аяқтарын қосып секіру-аяқтарын алшақ қойып секіру.<br>Жаттығу ойыны: «Жұбыңды тап!» допты бір-біріне домалату.<br>**Қимыл қозғалыс ойыны:**<br>«Тышқандар»<br>**ІІІ. Қорытынды кезең**<br>**(рефлексия)**<br><br>**2.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>Досымның үйі<br>**Мақсаты:**. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе алады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылыстыра отырып үйдің суретін салды<br>**Ресурстар:** қарындаштар, бояу,қылқалам,су,ақ парақ, ойыншық қоян,үй үлгі.<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Музыка-1**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | Армысың мейірімді жер – ана!<br>Сәлеметсіздер ме қонақтар.<br>Бәріміз күндей жарқырайық!<br>Бәріміз тату – тәтті болайық!<br>– Балалар қазір жылдын қай мезгілі?<br>**-** Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br><br>**Мнемотехника әдісі.**<br>Күз мезгілі.<br>**Тосын сәт.**<br>Білмеспек келеді.<br>Дымбілмес: Менімен ешкім сөйлеспейді, ойнамайды, ешкім дос болмайды. (Дымбілмес жылайды).<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Балалар қалай ойлайсыңдар. - Дымбілмеспен неге ешкім дос болмайды?<br>- Сендердің достарың бар ма?<br>– Достық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Достар қандай болу керек?<br>Балалардың жауаптары.<br>Балалар байқадыңдар ма білмеспек | жағына көп банан орналастыру.<br>5- тапсырма.<br>Ойыншықтарды салыстыру.<br>«Біреу –көп»<br>Аю балаларға рахмет айтып қоштасады.<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақтар ілмегі.<br>Оқу қызметінде не істедіңдер?<br>Аю неге келді?<br>Қандай тапсырма орындадыңдар?<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>. | шаң-тозаңнан сақтайды.<br><br>4.Топқа бөлу.<br>Балалар өздеріне ұнаған гүлдері арқылы 3 топқа бөлінеді.<br>1-топ Қазтамақ<br>2-топ Кактус<br>3-топ Фикус<br>Әр топқа тапсырма беру.<br>1-топ Қазтамақ тобы: Гүлдердің шаңын сүртеді,су құяды.<br>2- топ Кактус тобы<br>**Құрылмдалған ойын:**<br>«Гүлге не қажет?»<br>**Шарты:**Гүлге арналған құралдарды тауып тақтаға іледі<br>3- топ Фикус тобы: Ойын :«Гүлдерді құрастыр». Қиылған гүлдерді құрастырып,қандай гүл екенін айтады.<br>**5.Сергіту сәті**.<br>Гүлдер, гүлдер, шоқ гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер.<br>(Орнына ақырын көтеріліп, қосылып тұрған қолдарын жайлап ашады)<br>Тұра берші ырғалып,<br>Тұра берші | **саралау,әңгіме,бала үні.** .<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбер<br>Біз қандаймыз-қандаймыз.<br>Арайлап атқан таңдаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз.<br>Еш уайымды білмейміз.<br>Қызығушылықтрын ояту.<br>Қоян қонкқа келеді.<br>Балалардан көмек сұрайды.<br>Достарына үй керек екенін айтады.<br>Топқа бөлу.<br>Карандаш,бояу арқылы.<br>Балалар өздеріне ұнаған заттарды алады.<br>1-Топ. Карандаштар<br>2- топ. Бояулар.<br>Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.<br>1-топ Карандашпен үйдің суретін салады.<br>Қағаздың сол жағына жоғарыдан төмен қарай сыза отырып төртбұрыш, қағаздың оң жағына төменнен жоғары қарай сызып, текше салады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | амандасты ма сендермен?<br>**Ойын: «Сәлемдесу»**<br>Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балалар мына тақтадағы суреттерге қарандаршы?<br>Қәне балаларға ат қояйық.<br>Балалар суретке қарап достар туралы әңгімелеп береді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Досым, досым жан досым,<br>Неге сонша шаршадың.<br>Кане ұста қолымнан,<br>Секір, секір, секірші,<br>Бір серігіп аларсың!<br>**Ыстық орындық әдісі**.<br>Бір балаға орындыққа отырады. Сол балаға дос туралы сұрақтар қояды.<br>– Сенің досың кім?<br>– Сен кіммен дос болғың келеді?<br>**Қорытынды.**<br>**«Көңілді доп» ойыны** арқылы | | нұрланып.(Қолдарын баяу бұлғайды)<br>Сол тұрғанның ұнайды, (Қолдарын басының үстіне апарып қосады)<br>Құлпырғанның ұнайды. Ұқсап сәби балаға. (Тізесін бүгіп отырады, қолдарымен басын жабады).<br>Кубизм әдісі арқылы қорытындылау.<br>Гүлдер.<br>Балаларды мадақтау.<br>Жақсы қатысқан балаларға жұлдызша беру.<br>**Рефлексия.** | Үшбұрыш пішінімен үйдің төбелерін және терезелерін салады. Үйдің есігін кішкентай төртбұрышты пішін арқылы салады және суретті бояйды.<br>2 топ Қылқаламен үйдің суретін салады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық, Қарлығаш боп ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп алайық.<br>**Құрылымдалған ойын.**<br>«Бұл үйде кім тұрады».<br>АКТ пайдалану.<br>Галереяны шаралу.<br>**Балаларды мадақтау.**<br>**3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.**<br><br>**2. Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Достарыма арналған үй<br>**Мақсаты:** әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыра алады.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сұрақтарды қоя отырып оқу қызметін қорытындылау.<br>Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызшамен мадақтау, мақтау.<br><br>**2.Жапсыру. Тақырыбы:** Балабақша ауласындағы көбелектер<br>**Мақсаты :** дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасай алады.<br>**Күтілетін нәтиже:** ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастырады және желімдеді.<br>**Ресурстар:** Түлі түсті қағаздар, қайшы, қарындаш, желім ,дөңгелек пішіндер.<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбері:<br>Арайлап атқан таңға сәлем!<br>Жылуын шашқан | | | әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден үй құрастырды.<br>**Ресурстар:** құрылыс материалдары және үлгі суреттер, кішкентай ойыншықтар.<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбер<br>Біздің топтың ұл-қыздары,<br>Тату тәтті ойнайды.<br>Әлемдегі бар адамға,<br>Тек жақсылық ойлайды.<br>Қызығушылықтрын ояту.<br>Айгүл куыршақ қонкқа келеді.<br>Балалардан көмек сұрайды.<br>Достарына үй салып салып беруеріңізді қалайды.<br>Балалар құрылыс салуға дайын екендіктерін білдіреді.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Үйлерді салыстырайық»<br>Топқа бөлу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | күнге сәлем!<br>Жайнап өскен бізге сәлем!<br>Білім беріп тәрбиелеген,<br>Апайларым сіздерге сәлем!<br>Қызықтыру сәті.<br>Жұмбақ жасыру<br>Гүл үстінде әдемі,<br>Екі жапырақ биледі.<br>Жұлып алайын деп едім<br>Ұстатпай ұшып кетті.<br>(Балалардың назарын суреттерге аудару)<br>-Балалар мына гүлдің үстінде қонып отырған қандай жәндік?<br>Балалар көбелек туралы білгілерің келе ме?<br>Бейне роликке (көбелек туралы және көбелектің дамуы туралы) көңілдерін аудару.<br>Балаларды шығармашылық орталығына шақыру:<br>Топқа бөлу әдісі.<br>Әр түрлі көбелектермен<br>1 топ  Көбелекті қиып жапсыру.<br>2-топ Дайын көбелекті әсемдеу.<br>(дөңгелек | | | Биік үй,аласа  үй суреттері арқылы.<br>Балалар суретке қарап топқа бөлінеді.<br>1-топ Биік үй<br>2-топ Аласа  үй<br>Тапсырма беру.<br>1-топ биік үй құрастырады.<br>2- топ аласа үй құрастырады<br>Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.<br>– Балалар, үй құрылысын бастамас бұрын, ол қандай бөліктерден тұратынын  көрсету.<br>іргетасы, қабырғасы, төбесі, терезесі, есігі, баспалдағы т.б<br>Көп қабатты үйдің үлгісін қарау.<br>Іргетасы кірпіштен, едені – пластинадан, қабырғасы – кірпіштер мен текшелер болып алмасып отырады; бөлмелер пластиналар көмегімен бөлінеді көрсету,түсіндіру.<br>Балалар үй құрастыруға кіріседі.<br>Бақылау. Жеке көмек көрсету.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал, балалар, тұрайық<br>Алақанды соғайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пішіндермен)<br>Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.<br>Балалараға суретті жапсыру процесін кезектілігін көрсету.<br>Қауіпсіздік ережелері.<br>қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту.<br>Саусақтарға арналған жаттығу «Көбелек»<br>Ұйқыда жатқан гүл кенеттен оянды.<br>Одан кейін ұйқысы оның келмеді.<br>Жыбырлады, дірілдеді,<br>Қанат қағып, ұша жөнелді.<br>Балаларға жеке көмек көрсету.<br>**Қорытынды (рефлексия)**<br>Галерея шарлау әдісі.<br>Өз ара бағалау.<br>Бас бармақ әдісі.<br>Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру. | | | Бір отырып, бір тұрып<br>Біз тынығып алайық.<br>**Қорытынды (рефлексия)**<br>Айгүл қуанып достарын шақырады.<br>**Еркін ойыны.**<br>«Тұрғындарды үйге орналастырамыз»<br>Балалар үйлердің әрбір бөлмесіне аңдарды және олардың достарын орналастырады.<br>Айгүл рахмет айтып қоштасады.<br>Балалардың жұмысын талдау.<br>Мадақтау. |
| **Серуенге дайындық Серуен** | **№ 6 Күзгі ауа райындағы өзгерістерді бақылау.**<br>**Мақсаты:**Күзгі ауа- | №7 **Желді бақылау**<br>**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру, салқын жел,жылы жел, | **№8 Бұлтты бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай | **№9 Түскен жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:**Балалар назарын | **№ 10 Жаңбырды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Жаңбыр жауып тұрған күні жаңбырдың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтады. **Қимылды ойын:** «Пойыз» **Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып пойыз сияқты жүруге үйрету. **Еңбек:** Өз-өзіне қызымет. **Мақсаты:** Аяқ киімдерін оқ киіп шешеді. | ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігін түсіндіреді. **Еңбек:** «Әдемі гүлдер» **Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. **Қимылдық ойын:** «Орамал тастау». **Ойын барысы:**Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ыңғайлы болады. | бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімеледі **Қимылды ойын:** «Ақ қоян» **Мақсаты:**балалар ойынның шартын бұзбай ойнайды, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамытиды. **Еңбек:** Тәрбиешімен бірге құрғақ жапырақтарды жинау. **Мақсаты:**Тазалыққа бейімдеу, жұмыстарды бірге істейді. | жапырақтардың қызыл, сары, алтын түсті, жасыл-сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аударту. Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың бөліктерін атайды. **Қимылды ойын: «Көжектер»** **Мақсаты:**балаларды әр түрлі бағытқа қарай секіруді үйрету**.** **Еңбек:** Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу, жапырақтарды жинау **Мақсаты:** Тазалыққа бейімдеу, жұмыстарды бірге істейді | тамшылары жерге түсіп жатқандығын терезеден бақылайды. **Қимылды ойын:«Бір,екі,үш жүгір!»** **Мақсаты:** Белгі бойынша әрекет етеді **Еңбек:**Топ бөлмесіндегі гүлдерге су құю. **Мақсаты:** Гүлдерді күте біледі. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті «Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу, астан кейін «Рахмет» сөзін айта білу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.Білімді кеңейту және мәдени – гигиеналық дағдыларды орындау. Тыныс алу жаттығуларын орындау<br>Үйқы ашар жаттығу кешені:<br>«Тартылу»<br>Бастапқы қалып: арқамен жату<br>1.Қол бел тұсында<br>2.Тартылады | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар дербес әрекет** | Үстел үсті театры «Менің достарым» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | **Вариативті компонент-1** **Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісі **Мақсаты:** Балалардың эмоционалды жағымды көңіл - күйін және қозғалысқа қызығушылығын туғызу. Дене шынықтыру мен дамыту ортасының таныс объектілерін қолдана отырып, түзету-сауықтыру бағдарын қолдана отырып, қимылдарды орындау қабілетін нығайту. Ертегі желісі арқылы қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту. **Барысы:** Сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Саптық жаттығулар: **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары** Қарсы қабырғаға | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | Сюжеттік-рөлдік ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дейін допты оң қолмен апару. Бұрылу, қайтадан допты сол қолмен кері алып қайту. залдың өн бойымен сапқа тұру. Екі аяқпен бірдей секіріп, қарсы қабырғаға дейін жылжу. Бұрылу , қайтадан кері қарай секіру. **Қимылды ойын:** «Жасырылған жерін тап» Ойыны Қорытынды Тізені бүге жүру шеңбер бойымен. | | |
| **Балалардың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Ғанибай Саянмен жеке жұмыс. Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға үйрету. | Бекболат Мұхамбет Ересектермен бірге негізгі қимылдарды қайталауға үйрету. | Құрманғазы Халидмен жеке жұмыс. Орыс тілінде тақпақтарды жатқа айтуға, дауысты дыбыстарды анық айтуға, есте сақтауға жаттықтыру. | Жомарт Бегім мен жеке жұмыс. Қарындашпен, қағазбен жұмыс істеуге, дұрыс ұстауға үйрету. | Нұрперзент Медина мен жеке жұмыс.Бейнелейтін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | **№6 Күзгі ауа райындағы өзгерістерді бақылау.** **Мақсаты:** Балаларға күз мезгілі туралы | **№ 7 Желді бақылау** **Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру, салқын жел,жылы жел, құйытқып соққан жел. | **№ 8 Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп | **№9 Түскен жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:**Балалар назарын жапырақтардың | **№10 Жаңбырды бақылау.** **Мақсаты:** Жаңбыр жауып тұрған күні жаңбырдың тамшылары жерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелеу.Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.<br>**Қимылды ойын:** «Пойыз»<br>**Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып пойыз сияқты жүруге үйрету.<br>**Еңбек:** Өз-өзіне қызымет.<br>**Мақсаты:** Аяқ киімдерін оқ киіп шешуге үйрету. | Желдің күштілігін түсіндіру.<br>**Еңбек:** «Әдемі гүлдер»<br>Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>**Қимылдық ойын:** «Орамал тастау».<br>**Ойын барысы:**Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ыңғайлы болады. | жатқанын бақылатып әңгімелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Ақ қоян»<br>**Мақсаты:**балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту<br>**Еңбек:** Тәрбиешімен бірге құрғақ жапырақтарды жинау.<br>**Мақсаты:**Тазалыққа бейімдеу, жұмыстарды бірге істеуге баулу. | қызыл, сары, алтын түсті, жасыл-сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аударту. Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың бөліктерін атауға үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Көжектер»**<br>**Мақсаты:**балаларды әр түрлі бағытқа қарай секіруді үйрету.<br>**Еңбек:** Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу, жапырақтарды жинау<br>**Мақсаты:** Тазалыққа бейімдеу, жұмыстарды бірге істеуге баулу. | түсіп жатқандығын терезеден бақылау.<br>**Қимылды ойын:«Бір,екі,үш жүгір!»**<br>**Мақсаты:**Белгі бойынша әрекет етуге үйрету.Жүгірудің шапшаңдығын арттыру<br>**Еңбек:**Топ бөлмесіндегі гүлдерге су құю.<br>**Мақсаты:** Гүлдерді күте білуге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анамен әңгімелесу, Балаларының жақсы қасиеттерін айту. Балаларды көңілді шығарып салу. | Кеңес: «Үй жағдайында балаға пішіндерді үйрету». | «Рахмет», «кешіріңіз», «өтінем» деген сөздерді балаға үйрету. | Ата-аналарға кеңес:<br>«Баланы өз-өзіне қызмет көрсетуге үйрету». | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.<br>Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу. |

**Циклограмма**
(13-17 қыркүйек 2021 ж.)
«Рауан» ортаңғы тобы
Өтпелі тақырып «Балабақша»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | | | | | |
| | Саусақ ойыны: «Қуырмаш». **Мақсаты:** қол ұсақ моторикасын жетілдіру. Саусақ атауларын үйрету. | Құрылыс ойындары «Балабақшаға апаратын жол». **Мақсаты:** ұзын, қысқа ұғымды түсіндіру. Тіктөртбұрыштарды бір-біріне біріктіруді үйрету. | «Қандай?» **Мақсаты:**Топ бөлмесіндегі ойыншықтармен таныстыру, қандай? Сұрағына жауап беруді үйрету. | Үстел-үсті ойыны: «Гүл». **Мақсаты:** Мозайкадан гүл құрастыруды үйрету. Ұсақ моторикасын дамыту. | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» **Мақсаты:** логикалық ойлау қабілетін дамыту. |
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | **Жаттығулар кешені №2** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ойын-жаттығу:<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар | | | | |
| | Ойыншықтардың аттарын орыс тілінде атау. **Мақсаты:** Топтағы ойыншықтардың орыс тіліндегі атауын білуге үйрету. | Топтағы кірпіні тамашалау. **Мақсаты:** Балалардың кірпіні неден жасағандары туралы өз ойларын тыңдау. | М.Төрежановтың «Қуыршақ» әңгімесін оқып беруді жалғастыру. **Мақсаты:** Балаларды достыққа тәрбиелеу. | Жақсы тілектер айту арқылы оқу іс-әрекетіне дайындалу. | «Ойыншықтар» М.Әлімбаевтың тақпақ жолдарын жаттауды жалғастыру. **Мақсаты:** Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **1.Дене шынықтыру (таза ауада)** **Т:** «Әжемнің ауылында» **Мақсаты:** тұрақты тепе-теңдікті сақтай отырып, шектелген тірек аумағында жүре алады. **Күтілетін нәтиже:** ені | **1.Дене шынықтыру** **Т:** «Балақайлар» **Мақсаты:** берілген бағытты сақтай отырып төрттағандап еңбектейді, бір-бірінен 1 метр қашықтықта аяқтарын алшақ ашып отырып допты | 1 **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Сөредегі ойыншықтар **Мақсаты:** заттарды салыстыра алады. **Күтілетін нәтиже:** сөредегі заттарды салыстырып ,аз | 1 **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** Ойыншықтар еліне саяхат **Мақсаты:**. Жабайы аңдар туралы ұғымдары қалыптасады. **Күтілетін нәтиже:** жануарлар мен | **1.Дене шынықтыру** **Т:** «Марғаулар» **Мақсаты:** ені 25см, ұзындығы 2,5 метр түзу жолмен жүре алады, шектеулі алаңмен жүргенде тепе-теңдікті сақтай біледі. **Күтілетін нәтиже:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 20 см, ұзындығы 3 метр ирек жолмен жүру дағдыларына, үш дөңгелекті велосипед тебу дағдысына ие.<br>**Ресурстар:** кедергілер<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Сапқа бір қатармен тұру «Біз бүгін ауылға әжемізге қонаққа барамыз».<br>**Негізгі кезең**. Оңға бұрылып, бір-бірлеп сапқа тұру. Бір-бірлеп сапта жүру. Қолды белде ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүгіру.<br>ЖДЖ. Дене бітімінің бұзылмауының алдын алу. «Әжеммен бірге кім тұрады?<br>Қимылдың негізгі түрлері: «Әжемізге бау-бақшада көмектесейік» І.. «Бау-бақшамен жүреміз» – ені 20 см, ұзындығы 3 метр имектелген жолмен жүру. 2. «Қарбыз жинаймыз» – бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта отырып екі қолымен допты домалату. 3. | домалата алады.<br>**Күтілетін нәтиже:** шеңбер бойымен сапқа тұру әдісін біледі, алақаны мен тізесін тіреп, төрттағандап еңбектеді.<br>**Ресурстар:** доптар<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**ҰОҚ барысы**:<br>Педагог балалардың назарын нәрестелердің фотосуретіне аударады. Кішкентай бөбектерге айналып, өздеріне сылдырмақтар таңдап алуды ұсынады 2. Бір-бірлеп сапқа тұрып сылдырмақтарды қолға ұстап жүру және жүгіру – бір қарқын және нық қадамды сақтау. Шеңбер бойымен тұрып, сылдырмақтарды қолданып ЖДЖ жасау<br>Бір-бірінен 1 метр қашықтықта аяқтарын алшақ ашып отырып допты домалату. | көптігін анықтады.<br>**Ресурстар:** сайқымазақ, дьенеш блоктары, үлкен-кіші текшелер. **Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбер «Сәлемдесу, амандасу»<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>«Доп лақтыру» әдісі арқылы балалардан жыл мегзілін сұрау. Қызығушылықтарын ояту.<br>Сайқымазақ келеді. Балалардан көмек сұрайды.<br>Тапсырмаларды орындаса ойыншық дүкеніне кіргізетінін айтады.<br>Балалар жауаптары.<br>1-тапсырма. Дьенеш блоктары.<br>Мына Дьенеш блоктарын қағаз бетіндегі геометриялық | олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша ажыратады және атады;<br>**Ресурстар:** әр түрлі ойыншықтар, қуыршақ, қиылған ойыншықтар суреттері.<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбер «Қайырлы күн!»<br>Жарқырап күн де ашылады,<br>Айналаға нұр шашылады.<br>Қайырлы күн!<br>Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз сүйкімді баламыз!<br>Балалар қәзір жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінің неше айы бар?<br>Кәне атап жіберіңдерші<br>Қазір күздің қай айы?<br>Бүгін ауа-райы қандай болып тұр?<br>Балалардың жауаптары.<br>Миға шабул<br>Мен сендерге | ойындағы әрекеттер тәртібін, сылдырмақтарды қолға ұстап шеңбер бойымен жүруді, сапқа екі қатарға тұра алды<br>**Ресурстар:**доптар<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**ҰОҚ барысы:**<br>«Мысық» «Біздің мысық саққұлақ, себебі ол інде тығылған тышқанды тез тауып алмақ». Кішкентай марғауларға айналуды ұсынады. Сылдырмақтарды қолданып ЖДЖ жасау.<br>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау. Түзу жолмен жүру Ойын жаттығуы: «Соқпақпен жүріп өт».<br>Төрттағандап еркін бағытта еңбектеу – ойын жаттығуы<br><br>2. **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Менің сүйікті ойыншығым<br>**Мақсаты:** дәстүрден тыс сурет салу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Жемістерді жинаймыз» – қолды жоғарыда ілінген затқа тигізіп, биіктікке секіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тауық пен балапандар»<br>Ойын жаттығуы: «Шалтай-Болтай»<br><br>2. **Көркем әдебиет Тақырыбы:** Ойыншықтар өлеңі. Н. Әлімқұлов.<br>**Мақсаты:** тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айта алады.<br>**Күтілетін нәтиже:** тақпақты мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтады.<br>**Ресурстар:** әртүрлі материалдан жасалған ойыншық түрлері<br>**Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** әртүрлі материалдан жасалған ойыншық түрлері<br>**Оқу қызметінің барысы:** | Ойын түрінде тіке бағытта төрттағандап еңбектеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жылдамырақ шеңбер бойына тұр».<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:** Ойыншықтар дүкені<br>**Мақсаты:** жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыра алады. (ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар).<br>**Күтілетін нәтиже:** ортақ белгілері бойынша заттардың жалпы атауын атайды<br>**Ресурстар:** ойыншықтар-жұмсақ, ағаштан, пластмасстан, резинкелі **Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ойыншықтар-жұмсақ, ағаштан, пластмасстан, резинкелі<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбер | фигураларға орналастырындар.<br>-мына қағазда қандай геометриялық фигурадан тұратын пішіндер бар, алдымен қарап, атап көрелік.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>-түстері қандай?<br>-Қалың ба жұқа ма?<br>Балалар тапсырманы орындайды.<br>3-тапсырма<br>**Сергіту сәті:**<br>1- дегенде тұрайық,<br>2,3,4-алақанды соғайық.<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Біз шынығып алайық.<br>Тапсырмаларды орындайды.<br>Ойыншық дүкеніне келеді.<br>«Заттар қандай геометриялық пішінге ұқсайды?» ойыны.<br>**Еркін ойын:** «Не үлкен?»<br>Демонстрациялық материал:<br>Текшелермен жұмыс.<br>– Бұл не?<br>– Қандай түсті | жұмбақ жасырамын, соған жауап берсендер «Ойыншықтар әлеміне» саяхаттаймыз.<br>Аяғы бар жүрмейді<br>Ауызы бар күлмейді<br>Айнымайды бөпемнен<br>Тек сөйлеуді білмейді. (Куршақ)<br>Поездбен саяхат.<br>Айгүл қуыршақпен кездесу.<br>Ойыншығын жоғалтып алып.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>«Айгүл ойыншығын іздейміз» (Столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.)<br>Айгүл қуыршақ қуанып балалармен қоштасады.<br>Саяхатты жалғастыру.<br>Екінші аялдамада<br>Стол үстіндегі жұмыс.<br>Сүйікті ойыншығымызды стол үстінде парақшаның қай жағында тұрғанын | (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті борлармен) дағдылары қалыптасады.<br>**Күтілетін нәтиже:**дәстүрден тыс тәсілмен ойыншықтың суретін салады.<br>**Ресурстар: әр түрлі ойыншықтар суреті, бояу,мақталы таяқша,түрлі түсті карандаштар. үлгі Әдіс-тәсілдер:4К моделі,бақылау, саралау,әңгіме,бала үні.**<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Шаттық шеңбер «Қайырлы таң»<br>Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, бала-бақшам!<br>«Доп лақтыру» әдісі арқылы балалардан жыл мезгілін сұрау.<br>Кубизм әдісі (ойыншықтар)<br>Балалар кубикті лақтырып суреттегі ойыншық туралы айтып береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
